

## *2022 жылдың сәуір айының 1-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу*

Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында орын алған жылы, шамалы жауын-шашынды ауа райы күздік бидайдың, жеміс дақылдарының өсіп өнуіне және жаздық дәнді дақылдары, жүгері және мақта егістерінің басталуына, сондай-ақ топырақта ылғал қорының толуына қолайлы болған. Елдің солтүстік жартысында ауа температурасының жоғарылауы егістіктердегі қардың еруін және топырақтың жібуін тездеткен.

Еліміздің оңтүстігіндегі бақыланатын учаскелерде күздік бидайдың жағдайы жақсы, «көктеу» - «сабақтану» даму фазасы және биіктігі 6 см-ден 22 см дейін жететіндігі байқалған. Түркістан (Шымкент МС) және Жамбыл (Қордай АМП) облыстарында бидайды азотты тыңайтқыштармен коректендіруге және арамшөптерге қарсы гербицидтермен өңдеуге кіріскен.

Жамбыл облысының бақыланатын учаскелерінде жаздық арпаны себу жұмыстары жалғасуда, Алматы және Түркістан облыстарында топырақты алдын ала өңдегеннен кейін себуге кіріскен. Арпаның ерте себілген егістіктерінде «көктеу» – «түптену» даму кезеңі байқалған, өсімдіктердің жағдайы өте жақсы және жақсы.

Оңтүстік аймақтарда жоңышқа, эспарцет және беде шөптерінің жағдайы жақсы және қанағаттанарлық, биіктігі 27 см жетеді. Жеміс дақылдарында (шие, таңқурай, алма ағашы) «ағаш бүршіктерінің бөртуі» - «гүл шоғырының пайда болуы» даму фазалары байқалған. Алматы облысының Есік станциясының маңындағы бақшаларда алма ағашының бұтақтарын кесуге және улы химикаттармен өңдеуге кіріскен.

Түркістан облысында жүгері мен мақта себу үшін топырақты дайындауға (тырмалау, культивациялау) кіріскен.

Павлодар облысында еркек шөптің қайта өсіп өнуі орын алған, шөптердің жағдайы қанағаттанарлық.

Жайылымдық мал шаруашылығының барлық аумағында сәуірдің бірінші онкүндігі күндізгі ауа температурасының жоғарылауымен және жылы ауа райымен сипатталады, бұл мал жаюға және жайылымдық өсімдіктердің өсуіне қолайлы болған. Мал жаю барлық жерде жүргізілген, төлдеу науқаны жалғасуда. Өткен онкүндікте Маңғыстау облысындағы Қызан станциясының маңайында 3 тәулік бойы мал жайылымының (күмды дауылдар) қиындауы орын алған.

Жер оттылығының жағдайы жақсы және қанағаттанарлық. Ақтөбе облысының Шалқар, Байғанин және Ырғыз аудандарында, Алматы облысының Қаратал ауданында, Батыс Қазақстан облысының Казталов

ауданында және Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында жер оттылығының нашар екендігі байқалған.

Жайылымдар әлсіз және бірқалыпты тапталған, шымның жағдайы дымқыл және құрғақ.

Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында топырақтағы өнімді ылғал қоры оңтайлы, Маңғыстау облысында оңтайлыдан қанағаттанарлыққа дейін және Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданында ылғалдану қанағаттанарлық болып қалыптасқан.